

Бейімбет Майлин ауданы әкімінің "Бейімбет Майлин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" 2020 жылғы 5 наурыздағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімінің 2026 жылғы 14 мамырдағы № 2 шешімі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, "Қостанай облысының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін тарату және қайта құру туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2026 жылғы 2 наурыздағы № 59 және Қостанай облысы мәслихатының 2026 жылғы 2 наурыздағы № 275 бірлескен қаулысы және шешіміне сәйкес, аудан әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Бейімбет Майлин ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы" Бейімбет Майлин ауданы әкімінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 1 шешімінің қосымшасына келесі өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"

2. № 710 сайлау учаскесі, Орынбор ауылының шекарасында.

Учаскенің орналасқан жері: Бейімбет Майлин ауданы, Орынбор ауылы, Майлин көшесі 30, жеке үй.

";

3-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"

3. № 711 сайлау учаскесі Әйет ауылының шекарасында: Западная 1а, 2, 3, 3а, 4-8, 8а, 9, 10, 10а, 11-21, 23, 24, 24а, 25-30, 32, 34, 40 лет Победы 4-15, 15а, 15б, 15е, 16-28, 30-32, 50 лет Октября 2, 3, 5, 10, 12, 14, Набережная 21, 23-26, 28, 28а, 29, 30, 30а, 31, 32, 32а, 33, 35-37, 39-43, 43а, 44-46, 46а, 47-60, 63-67, 69-77, 79, 82, 84, 86, 86а, 87, 88, 90, 92, 94, 94а, 96-100 жұп жағы, Тәуелсіздік 76-80, 82-88 жұп жағы, 88а, 88б, 88в, 89, 90, 92, 94, 95-99, 103-106, 108-112, 114, 116, 118-130, 132-142 жұп жағы, 142а, 148, 158, Республика 89, 94, 97-101, 103, 105, 107, 108-124, 126-133, 135-142, 144-147, 148, 150, Е. Омаров 1б, 2, 2а, 4-6, 8-11, 14, 16-18, 18а, 19-23, 23а, 24-27, 27а, 28-30, 32-34, 37-45 тақ жағы, Мир 3, 5-8, 8а, 10, Е. Өмірзақов 1, 3-30, 32-43, 45-55 тақ жағы, Жабағы-Батыр 74, 79-83 тақ жағы, 85-87, 89-103, 105-113, 115, 116, Рассвет 2-19 жұп жағы, Совхозная 1, 3-12, 14-20 жұп жағы, Строительная 1-19, Темірбаев 1, 1а, 2-14, 16-30, 32-42, 44-54 жұп жағы, Тернопольская 1, 2а, 2б, 2в, 3-6, 6а, 7, 9-25, 27 көшелері.

Учаскенің орналасқан жері: Бейімбет Майлин ауданы, Әйет ауылы, Б. Майлин көшесі 4А, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Бейімбет Майлин ауданы

білім бөлімінің Б.Майлин атындағы жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

";

9-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"

9. № 717 сайлау учаскесі, Смайыл ауылының шекарасында.

Учаскенің орналасқан жері: Бейімбет Майлин ауданы, Смайыл ауылы, Ленин көшесі 9, медициналық пунктiнiң ғимараты.

";

23-тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"

23. № 732 сайлау учаскесі, Приозерное ауылының шекарасында.

Учаскенің орналасқан жері: Бейімбет Майлин ауданы, Приозерное ауылы, 60 жыл СССР көшесі 18, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің Приозерный негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

";

25-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"

25. № 735 сайлау учаскесі Красносельский ауылының шекарасында.

Учаскенің орналасқан жері: Бейімбет Майлин ауданы, Красносельское ауылы, Красносельская көшесі 10, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Бейімбет Майлин ауданы білім бөлімінің Красносельская жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.

";

29-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"

29. № 745 сайлау учаскесі Богородский ауылының шекарасында.

Учаскенің орналасқан жері: Бейімбет Майлин ауданы, Богородский ауылы, Центральная көшесі 2, жеке үй.

";

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін оның Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Мыржақыпов